

Нұра ауылдық округі Нұра, Мамыр, Дүкен, Белшер ауылдарының көшелеріне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Нұра селолық округі әкімінің 2011 жылғы 1 қыркүйектегі № 4 шешімі. Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 30 қыркүйекте № 3-5-142 тіркелді

Ескерту. Шешімнің атауы мен бүкіл мәтіні бойынша "селосының", "селолық", "селоларының" сөздері тиісінше "ауылының", "ауылдық", "ауылдарының" сөздерімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Нұра ауылдық округі әкімінің 27.03.2015 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармақшасына, Нұра ауылдық округі әкімі Нұра, Мамыр, Дүкен, Белшер ауылдарының тұрғындары конференциясы хаттамасына сәйкес

ШЕШЕМІН:

1. Нұра ауылдық округі елді мекендерінің көшелеріне төмендегідей атаулар берілсін:

- 1) Нұра ауылының көшелеріне:
Темірбек Жүргенов көшесі;
Төлеумұрат Кішкентаев көшесі;
Әбдібек Мәмбетов көшесі;
Ыбырай Достаев көшесі;
- 2) Мамыр ауылының көшесіне:
Әбу бақсы көшесі;
- 3) Дүкен ауылының көшесіне:
Күркебай Рспанбетов көшесі;
- 4) Белшер ауылының көшесіне:
Серік Сатанов көшесі;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауылдық округ әкімі аппаратының жетекші маманы Г.Қалиеваға жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК